

*Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай – бақшасының
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.*

Қазақ ертегілер апталығы: «Қаңбақ шал»
(Кіші топ «Алпамыс» тобының ұйымдастырылған іс – әрекеті)



*Тәрбиешілер: Берікбосынова Н
Сатыбалдиева Б*

Таушық ауылы, 2023

Тақырыбы: «Қаңбақ шал» ертегісі

Білім беру саласы: «Сөйлеуді дамыту-көркем әдебиет коммуникативтік, танымдық, шығармашылық ойын іс-әрекеті.

Мақсаты: Ертегілер әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру; Ертегі желі бойынша рольдерді ойнауға жаттықтыру; сөздік қорларын молайту, ертегіге қызығушылықтарын арттыру; адамгершілік қасиеттерге баулу.

Әдіс-тәсілдері: Әр түрлі іс-әрекет барысында ертегілерді сахналау үшін белсенділік танытуға жағдай жасау. Сахналау

«Қаңбақ шал» ертегісі.

Балалар ертегіні ортаға шығып, образға еніп орындайды. Сахналық қойылым қояды.

Ертегі рөліндегі кейіпкерлерді сомдаушылар:

Ата- Сая

Әже-Сәлсәбил

Дәу-Сұңғат

Дәу-Аят

Түлкі-Дария

Кіріспе:

Бұрын, бұрын бұрында Қаңбақ шал деген шал болыпты. Мал мен басқа зар болыпты. Кедейліктен шықпапты. Ол ау салып, балық аулап, тамақ асырапты. Жел соқса, шал домалап жөнеледі екен. Содан соң оған Қаңбақ шал деген ат қойылыпты. Күн сайын ауына ілінген екі балығының біреуін бір түлкі әлімжеттік қып тартып жей береді екен. Түлкінің қорлығына шыдамай, шал бір күні екінші бір жерге көшем деп, дүние мүлкін арқалап жолға шығыпты. Алдарынан, бір дәу екі тауды біріне – бірі шақпақ қылып, ұрып түрекен.

Дәу:

- Қайда бара жатқан шалсың? Кел екеуміз күш сынасайық – деп қазандай бір кара тасты көтеріп, аспанға лақтырып жібереді де қайта қағып алып: Ал шал, сен де осылай қақпаққыл етші дейді.

Шал сасып, қайтерін білмей, тасты құшақтап аспанға бір, тасқа бір қарап, күнімен тұрады.

Сонда дәу:

- Е, неғып тұрсың. ЛАҚТЫР – дейді Шал тұрып:

Ертең бізге қонаққа кел, - дейді.

Дәу:

Жарайды деп – кетіп қалады.

Шал үйіне келіп, кемпіріне:

- Ертең дәу қонаққа келеді, - дегенде:

- Ойбай, немізді береміз - деп сасады кемпір.

Шал тұрып:

- Ертең дәу келеді. Мен есіктің алдында отырармын. Сонда сен оның көзінше. Не істеймін шал, - деп маған қара, мен не десем, соны істемекші болып, пышақты алып тұра ұмтыл! – деп кемпіріне үйретіп қояды.

Ертеңіне үш дәу келіп, досының үйінде отырады. Сол кезде кемпір тұрып:

- Шал нені асамын үйдегі қонаққа? Түк жоқ деп! - депті.

Сонда шал тұрып:

- Басқы дәудің басын ас, ортаншы дәудің төсін ас, ол жетпесе досым дәудің өзін ас! - дегенде, кемпір пышағын алып тұр ұмтылады. Үш дәу тым тырақай қаша жөнеледі. Досы лашық үйін басымен көтеріп әкетеді. Шал айқайлап:

- Әй, досым, лашығымды тастап кет! Қайда барсаң да құтылмайсың! - дейді.

Дәу лашықты тастай сала қашып бара жатса, баяғы әлімжеттік қып балығын тартып жей беретін түлкі жолығады.

- Тақсыр қайдан қашып келесің - дейді түлкі.

- Бір пәле шалдың қырсығынан құтыла алмай қашып келеміз, - дейді.

Түлкі:

- Сол Қаңбақ шалдан қорқып жүрсіңдер ме - менімен жүр, мен сенің өшіңді алып берейін, - деп, дәуді ертіп, шалды іздеп қайта келе жатса, шал лашықтың жанында тұр екен. Түлкінің ертіп келе жатқанын көріп, шал айғай салады:

- Ей, түлкі-ау Арғы атаңда алты атамның құны бар, бергі атаңда бес атамның құны бар, өзінде бітіспейтін кегім бар, үш дәуді сол үшін бергелі жатырсын ғой! Бәрі бір онымен бітпеймін! - деп дауыстайды.

Сонда дәу қорқып, бұл бізді сол аталарының құнына беруге алдап алып келе жатыр екен ғой, - деп ойлап түлкіні құйрығынан алып жерге бір ұрып өлтіріп, алды-артына қарамастан қаша жөнеледі. Сөйтіп, Қаңбақ шал дәулер мен түлкіден осылай құтылған екен дейді.

Қортындысы: Қаңбақ шал өз қулығына салып, түлкіден де, дәулерден де оңай құтылады.



“Қаңбақ шал” ертегісі



“Қаңбақ шал” ертегісі



“Қаңбақ шал” ертегісі



“Қаңбақ шал” ертегісі